# 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

РҚАО-ның ескертуі: P021429 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 311, 312, 313, 314, 315, 316 (құпия), 317, 318, 319, 320, 321, 322-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
311-қосымша

ЕСКЕРТУ. 311-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен .

Қазақстан Республикасының экономика және
бюджеттік жоспарлау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
**2003** жылға арналған
республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ
001 "Әкімшілік шығындар"

1. Құны: 200202 мың теңге (екі жүз миллион екі жүз екі мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-25 баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру шаралары туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысы, "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысы . <*>

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджет бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің аппаратын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарла.! Бағдарламаны (кіші !Іске ! Жауапты

/! лама !бағ. !малардың ! бағдарламаланы) !асыру!орындаушылар

с! коды !дар. !(кіші ! іске асыру жөніндегі !мер. !

N! !лама.!бағдарла.! іс-шаралар !зімі !

! !коды !малардың)! ! !

! ! !атауы ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 001 Әкімшілік
шығындар
001 Орталық 371 бірлік мөлшерінде Жыл Қазақстан
органның бекітілген штат саны. бойы Республика.
аппараты ның лимитіне сәйкес сының эконо.
Қазақстан Республика. мика және
сының экономика және бюджеттік
бюджеттік жоспарлау жоспарлау
министрлігінің орта. министрлігі
лық аппаратын ұстау <*>

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелген функцияларды сапалы және дер кезінде орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

312-қосымша

Ескерту. 312-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.05. N 150АВ қаулысымен .

Қазақстан Республикасының экономика және
бюджеттік жоспарлау министрлігі
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**
**010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау"**

1. Құны: 624 мың теңге (алты жүз жиырма төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; " Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласында білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлік пен дағдыны жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарла.! Бағдарламаны (кіші !Іске ! Жауапты
/! лама !бағ. !малардың ! бағдарламаланы) !асыру!орындаушылар
с! коды !дар. !(кіші ! іске асыру жөніндегі !мер. !
N! !лама.!бағдарла.! іс-шаралар !зімі !
! !коды !малардың)! ! !
! ! !атауы ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 001 Кадрлардың
біліктілі.
гін артты.
ру және

оларды
қайта
даярлау
005 Мемлекет. Мемлекеттік қызметші. жыл Қазақстан
тік қыз. лердің біліктілігін бойы Республика.
метшілер. арттыру мемлекеттік сының эко.
дің білік. және өзге де тілдерді номика және
тілігін оқыту. Оқумен қамтылатын бюджеттік
арттыру мемлекеттік қызметші- жоспарлау
лердің жылдық орташа министрлігі
саны 122. <*>
-------------------------------------------------------------------
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазіргі экономикалық жағдайлар мен мемлекеттің ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметшілерді сапалы оқытудың құрылымдық жүйесін қалыптастыру және дамыту арқылы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
313-қосымша

Қазақстан Республикасының экономика және
бюджеттік жоспарла министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**
**030 "Халықаралық қаржы**
**ұйымдарымен бірлескен талдамалық зерттеулер"**

1. Құны: 64 400 мың теңге (алпыс төрт миллион төрт жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігіне, Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа, Европа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңы , "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: 2010 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарында көзделген міндеттерді іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы техникалық ынтымақтастық туралы келісім негізінде Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру бойынша бірлескен талдамалық зерттеулер жүргізуі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экономиканың маңызды секторларындағы мемлекеттік органдар қызметінде талдамалық әдістердің қолданылу аясын кеңейту, мемлекеттік қаржыны, бюджетаралық қатынастарды жоспарлау мен келелі болжаудың әдіснамалық және әдістемелік базасын қалыптастыру; әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді кезеңге арналған индикативтік жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары бойынша зерттеулер жүргізу; халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарла.! Бағдарламаны (кіші !Іске ! Жауапты

/! лама !бағ. !малардың ! бағдарламаланы) !асыру!орындаушылар

с! коды !дар. !(кіші ! іске асыру жөніндегі !мер. !

N! !лама.!бағдарла.! іс-шаралар !зімі !

! !коды !малардың)! ! !

! ! !атауы ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 030 Халықара. Техникалық ынтымақ. Жыл Қазақстан

лық қаржы тастық туралы келісім бойы Республика.

ұйымдары. негізінде Халықаралық сының

мен бір. Қайта Құру және Даму экономика

лескен Банкімен мынадай және бюд.

талдама. тақырыптар бойынша жеттік

лық зерт. бірлескен зерттеулер. жоспарлау

теулер ге үлестік қатысу: министрлігі

1. Бюджет заңдарын

және қаржы құқығын,

бюджет жүйесін құру

мен мемлекеттік қаржы.

ны басқару бойынша
дүниежүзілік тәжіри.
бені зерттеу негі.
зінде мемлекеттік
қаржыны басқару қаги.
далары мен әдістерін
жетілдіру, сондай-ақ
бұқараның және ғылыми
ортаның бюджет заңда.
рын жетілдіру мәселе.
сіне қатысты пікірле.
рін зерттеу.
2. Мемлекеттік функ.
цияларға функционал.
дық талдау жүргізу
және мемлекеттік
функциялардың "құнын"
есептеу және оларды
жүргізу әдіснамаларын
жетілдіру.
3. Бюджетаралық
трансферттерді айқын.
дау әдіснамасын
жетілдіру.
4. Мемлекеттік және
салалық бағдарламалар.
дың мемлекеттік
бюджет қаражатымен
қамтамасыз етілуін
және бюджеттік бағ.
дарламалардың нәтиже.
лілігін бағалау
әдіснамасын әзірлеу.
5. Негізгі "экономи.
калық өсу нысанала.
рын" ұзақ мерзімді
болашаққа анықтау
мақсатында экономи.
калық өркендеу

стратегиясы бойынша
зерттеулер жүргізу.
6. Әлеуметтік-эконо.
микалық дамудың орта
мерзімді кезеңге
арналған индикативтік
жоспарына сәйкес
Қазақстан Республика.
сының әлеуметтік-эко.
номикалық даму басым.
дықтары бойынша
зерттеулер жүргізу.
7. Семинарлар, тәлім
алу және тәжірибе
алмасу бағдарламала.
рын әзірлеу және
өткізу (оның ішінде
тиісті ұйымдардың
қызметіне ақы төлеу).
8. Үкімет қызметінің
шұғыл мәселелері
бойынша кеңес беру
және зерттеулер
жүргізу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер:

1) мемлекеттік қаржыны басқару саласында шешім қабылдау үшін тиісті құрылымдардың талдау және болжау қабілетін дамыту;

2) жоспарлау тиімділігін арттыратын әдістемелік және нұсқаулық материалдар, нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

3) мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функцияларды бөлу және кейіннен бюджет деңгейлері бойынша шығыс өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату бойынша ұсыныстар дайындау;

4) негізгі "экономикалық өсу нысандарын" ұзақ мерзімді болашаққа айқындау;

5) әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді кезеңге арналған индикативтік жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыру бойынша ұсыныстар дайындау;

6) мемлекеттік органдардың өз құзыреті аясында халықаралық іс-тәжірибе бойынша ақпаратпен қамтамасыз етілуін күшейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
314-қосымша

ЕСКЕРТУ. 314-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен .

Қазақстан Республикасының экономика және
бюджеттік жоспарлау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**
**031 "Республикалық бюджет комиссиясының**
**отырыстарын жүргізуді ұйымдастыру"**

1. Құны: 4 805 мың теңге (төрт миллион сегіз жүз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Бюджет жүйесі туралы " Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының 6-4-бабы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" 2002 жылғы 7 ақпандағы N 801 Жарлығы , "Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 592 Қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық бюджет комиссиясының тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Республикалық бюджет комиссиясының отырыстарын өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарла.! Бағдарламаны (кіші !Іске ! Жауапты
/! лама !бағ. !малардың ! бағдарламаланы) !асыру!орындаушылар
с! коды !дар. !(кіші ! іске асыру жөніндегі !мер. !
N! !лама.!бағдарла.! іс-шаралар !зімі !
! !коды !малардың)! ! !
! ! !атауы ! ! !
-----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-----------------------------------------------------------------
1 031 Республика. Құны 40 еселік айлық Жыл Қазақстан
```

лық бюджет есептік көрсеткіштен бойы Республика.
комиссиясы. аспайтын сомаға сының
ның отырыс. қағаз, кеңсе тауар. экономика
тарын ларын және өзге және бюджет.
жүргізуді тауарларды және Рес- тік жоспар.
ұйымдастыру публикалық бюджет ко- лау министр.
миссиясының отырысын лігі
жүргізуді ұйымдасты-
руға байланысты қыз-
меттер көрсету,
сатып алу. <*>
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Республикалық бюджет комиссиясына жүктелген функциялардың сапалы және уақтылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
315-қосымша

Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**
**032 "Экономика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**

1. Бағдарламаның құны: 75 000 мың теңге (жетпіс бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстанның дамуының экономикалық стратегиясын іске асыруды ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық проблемаларға талдау жасау, бірқалыпты

әлеуметтік-экономикалық даму ел экономикасының теңгермелік деңгейін арттыру негізінде халықтың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін тиімді экономикалық тетікті қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жалпыэкономикалық, салааралық, аймақтық, сыртқы экономикалық проблемаларды шешу бөлігінде "Қазақстан - 2030" Стратегиясын , 2003-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспарды және Үкіметтің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар мен тетіктерді жасау; дүниежүзілік экономиканың даму үрдістерін, Қазақстанның негізгі сауда және экономикалық әріптестері болып саналатын елдердегі экономикалық жағдайды зерделеу, сыртқы және ішкі факторлардың елдің экономикасы мен әлеуметтік саласына ықпалын бағалау және жайсыз зардаптарды жеңілдету жөнінде зерттеулер жүргізу; дүниежүзілік экономиканы ғаламдастыру жағдайында Қазақстан экономикасын жаңғырту мен оның құрылымын дамытуға және қамтамасыз етуге амалдар белгілеу болып табылады.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарла.! Бағдарламаны (кіші !Іске ! Жауапты

/! лама !бағ. !малардың ! бағдарламаланы) !асыру!орындаушылар

с! коды !дар. !(кіші ! іске асыру жөніндегі !мер. !

N! !лама.!бағдарла.! іс-шаралар !зімі !

! !коды !малардың)! ! !

! ! !атауы ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 032 Экономика Қазақстанның эконо. Жыл Қазақстан

саласында. мика, бюджеттік бойы Республика.

ғы қолдан. жоспарлау, талдау сының

балы және экономикасының экономика

ғылыми дамуына болжам жасау және бюджет.

зерттеулер саласында мынадай тік жоспар.

негізгі бағыттар лау министр.

бойынша қолданбалы лігі

ғылыми зерттеулер

жүргізу:

елдің макроэконо.

микалық дамуының,

қаржы және бюджет

жүйесінің теңгерме.

лігі мен тұрақтылы.
ғын қамтамасыз ету;
макроэкономикалық
талдау мен болжам.
дауды жетілдіру;
халықтың тұрмыс
деңгейін көтеру,
кедейлікпен және
жұмыссыздықпен
күрес жүргізу есебі.
нен ішкі сұранымды
арттыру;
өңдеу өнеркәсібінде
жаңа бәсекелес
тауарлар өндіруді
ұйымдастыру;
өндіріс тиімділігін
және ауылшаруашылық
өнімін өткізуді
арттыру;
ел аймақтарын әлеу.
меттік-экономикалық
жағынан теңдестіру
бойынша мемлекеттік
реттеу;
дүниежүзілік тауар
нарықтарының
жай-күйін талдау
(сыртқы экономикалық
конъюнктура мониторин.
гін қоса алғанда)
және дүниежүзілік
конъюнктураның
өзгеруінің Қазақстан
экономикасына
ықпалын талдау;
Қазақстандағы әлеу.
меттік-экономикалық
жағдайды макроэконо.

микалық талдау және
экономиканың дамуына
орта мерзімді болжам
жасау;
мемлекеттің ақша-
несие саясатымен
бірлесе отырып мем.
лекеттің салық-бюджет
және инвестициялық
саясатын, сондай-ақ
халықаралық экономи.
калық және қаржы
қарым-қатынастары
саласындағы саясатты
қалыптастыру және
іске асыру;
стратегиялық, инди.
кативтік және бюджет.
тік жоспарлау
жүйесін жетілдіру
жөніндегі жұмыстарды
зерттеу;
мемлекеттің 2004
жылға арналған эконо.
микалық саясатына
ұсыныстар әзірлеу;
халықтың көші-қоны.
ның және қалаға
қоныстануының күшеюін
ескере отырып, аймақ.
тардың әлеуметтік-эко.
номикалық даму
жоспарын жасау;
экономикасы тоқыра.
ған шағын қалалардың
дамуына болжамдар
жасау;
ішкі өндірісті
қолдау және өңдеу

өнеркәсібінің экс.
порттық бағытын
дамыту бағдарламасы.
ның жобасын әзірлеу;
қазақстанда агробиз.
несті қалыптастыру
тұжырымдамасының
жобасы;
қазақстандық тауар.
лар мен қызметтердің
экспортын кеңейту
үшін шет елдердің
маркетинг зерттеуле.
рін жүргізу;
қазақстандық тауар.
лар мен қызметтердің
экспортында прогрес.
сивтік құрылымдық
ілгерілеушілікті
қамтамасыз ету;
селолық жерлерде
сауда инфрақұрылымын
дамыту және отандық
өнімді ішкі нарыққа
тұрақты түрде жеткі.
зіп беруді қамтама.
сыз ететін сауда-
сатып алу компания.
ларын құру жөнінде
ұсыныстар әзірлеу;
әлеуметтік-экономи.
калық дамуды талдау
және болжамдау
саласында ақпараттық
қамтамасыз етуді
жетілдіру;
экономиканың басыңқы
секторларында
инновацияны көтерме.

леу жөнінде ұсыныстар
әзірлеу;
Қазақстан Республи.
касы халқының тұрмыс
деңгейін сипаттайтын
әлеуметтік стандарт.
тар әзірлеу;
ТМД елдерінің негіз.
гі әлеуметтік-эконо.
микалық және қаржы
көрсеткіштерін салыс.
тырып талдау жөнін.
дегі тоқсан сайынғы
зерттеу;
ТМД шеңберіндегі
несие-қаржы қарым-
қатынастарын талдау
және олардың біріңғай
жүйесін қалыптастыру
жөніндегі ұсыныстар;
өңдеу өнеркәсібіне
инвестицияларды
көтермелеу жөнінде
ұсыныстар әзірлеу,
қосылған құны жоғары
өндірістерді дамыту,
экспортқа бағдар
ұстанған жаңа
өндірістер құру;
мемлекеттік инвести.
цияларды жүзеге
асыруды әдіснамалық
қамтамасыз ету,
әзірлеу мен монито.
рингін ұйымдастыру
мемлекеттік басқару
жүйесін жетілдіру
жөнінде ұсыныстар
әзірлеу және басқа

да зерттеулер.

-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: өндіріс тиімділігін арттыру; Үкіметтің экономикалық саясатының әртүрлі бағыттары бойынша шешімдер қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпаратпен қамтамасыз етілуін күшейту ТМД елдерімен арадағы экономикалық саясаттың негізділігін арттыру; экономикалық өсуді жеделдету жағдайында елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатысты ахуалды қадағалау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

317-қосымша

Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік

жоспарлау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**ПАСПОРТЫ**

**035 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптамалау"**

1. Құны: 303 000 мың теңге (үш жүз үш миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Бюджет жүйесі туралы " Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы , "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы , "Қазақстан Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңы , "Инвестициялық жобаларды қарау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 карашадағы N 1219 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жүргізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: инвестициялық жобаларды іске асыру қажеттілігін анықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарла.! Бағдарламаны (кіші !Іске ! Жауапты

/! лама !бағ. !малардың ! бағдарламаланы) !асыру!орындаушылар

с! коды !дар. !(кіші ! іске асыру жөніндегі !мер. !

N! !лама.!бағдарла.! іс-шаралар !зімі !
! !коды !малардың)! ! !
! ! !атауы ! ! !
-------------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
-------------------------------------------------------------------
1 035 Республика, Инвестициялық Жыл Қазақстан
лық инвес. ұсынысты бағалау бойы Республика.
тициялық бойынша оң қорытын. сының
жобалардың ды алынған жобалар. экономика
техника. дың техникалық- және бюджет.
лық-эконо. экономикалық негіз. тік жоспар.
микалық демелерін әзірлеу. лау министр.
негізде. Жобалардың техника. лігі
мелерін лық-экономикалық
әзірлеу негізделуіне мемле.
және кеттік сараптама
сарапта. және "Қазақстан
малау Даму Банкі" ЖАҚ-тың
банкілік сараптама
жүргізу.
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік сараптамадан және "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ-тың банкілік сараптамасынан өткен республикалық инвестициялық жобаларды техникалық-экономикалық негіздеу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 бұйрығына
317-1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 317-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Экономика
және бюджеттік жоспарлау министрлігі

___________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**040 "Ұлттық инновациялық қорын құру"**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**ПАСПОРТЫ**

1. Бағдарламаның құны: 3 000 000 мың теңге (үш миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Ұлттық инновациялық қор" ашық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 502 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Ұлттық инновациялық қор құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ұлттық инновациялық қордың жарғылық капиталын қалыптастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N|Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны (кіші | Іске | Жауапты

|ламаның|бағ. | маның | бағдарламаны) |асыру |орындаушылар

| коды |дар. | (кіші | іске асыру жөніндегі|мерзімі|

| |лама.|бағдарла.| іс-шаралар | |

| |ның | маның) | | |

| |коды | атауы | | |

-----------------------------------------------------------------

1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

-----------------------------------------------------------------

1 040 Ұлттық Ұлттық инновациялық 2003 Қазақстан

иннова. қордың жарғылық жылдың Республика.

циялық капиталын қалыптас. III-IV сының

қорын тыру тоқсаны Экономика

құру және

бюджеттік

жоспарлау

министрлігі,

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрлі.

гінің

Мемлекеттік

мүлік және

жекешелен.
діру
комитеті
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыру мақсатында Ұлттық инновациялық қор құру, оның ішінде жоғарғы технологиялы және ғылымды көп қажет ететін өндірістерге жәрдемдесу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 бұйрығына
317-2-қосымша

ЕСКЕРТУ. 317-2-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150 г қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Экономика
және бюджеттік жоспарлау министрлігі
________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**041 "Қазақстан Даму Банкі" АҚ жарғылық капиталын толықтыру"**
**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Бағдарламаның құны: 7 700 000 мың теңге (жеті миллиард жеті жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 16-бабы ; " 2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 35-1-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Қазақстан Даму Банкі" АҚ экономиканың басым секторларын несиелендіруінің тиісті өлшемдерін және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазақстан Даму Банкі" АҚ жарғылық капиталын толықтыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:
-------------------------------------------------------------------
N|Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны (кіші | Іске | Жауапты

|ламаның|бағ. | маның | бағдарламаны) |асыру |орындаушылар
| коды |дар. | (кіші | іске асыру жөніндегі|мерзімі|
| |лама.|бағдарла.| іс-шаралар | |
| |ның | маның) | | |
| |коды | атауы | | |
-----------------------------------------------------------------
1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7
-----------------------------------------------------------------
1 041 "Қазақстан "Қазақстан Даму 2003 Қазақстан
Даму Банкі" Банкі" АҚ жарғылық жылдың Республика.
АҚ жарғылық капиталын толықты. III сының
капиталын руға республикалық тоқсаны Экономика
